



СУРЕТТЕ: Екінші қатарда оң жағынан бірінші тұрған дәрігер ГОРИН

Халықтың құрметіне бөленген дәрігер Горин

Торғай өңіріне еуропалық стандартқа сәйкес медицина қызметін ең алғаш алып келген дәрігерлердің ішінде Николай Григорьевич ГОРИННІҢ есімі жергілікті тұрғындардың арасында әлі күнге дейін айтылып келеді. Өзінің саналы ғұмырының басым көпшілігін қазақ даласында өткізген Горин жайлы біз өзіміз білетін деректерді көпшілік назарына ұсынбақпыз.

Николай Григорьевич Горин 1877 жылы ішкі Ресейде, шаруа отбасында дүниеге келген. Жас шағынан білімге

дан бастап Торғай уезіндегі 2 учаскелік дәрігер қызметіне кірісті. Бұл кезеңде 1-ші учаскелік дәрігер Александр Гри-

қалалық кеңестің депутаттарының қатарына қосылды. Бұл шақта Горинге алқа кеңесшісі шені берілген еді. Ол



СУРЕТТЕ: Ортада жамбастап жатқан дәрігер ГОРИН

жағдайды айта келе, дәрігер Гориннің қазаққа қамқорлығы жайлы былай дейді:

«Қаладан қырға бір қазақ шығармаған. Қызметтегі азаматтарды, олардың қатын-балаларын, оқудағы шәкірттерді тегіс абақтыға қамаған. Бұлар аштан өлуге таянған. Күзетші солдаттардан судың шелегін жеті сомға сатып ішкен күндері болған. Ыдыстары да болмай, суды етіктеріне, мәсілеріне құйып алып ішкен. Күні таянған екіқабат әйелдер балаларын абақтыда тапқан. Тұтқындарға өлген малдың жемтігін берген. Ауру көбейген. Өлгендер де болған. Торғайдың доқтыры Корин деген кісі (осы кезде де Торғайда тұрады) тұтқындарға жаны ашып, әскербасылардан әрең дегенде рұқсат алып, қорасында бағып

па Юсупов, Қанапия Кайдосов, Оразғали Асауов, Тұнғаншин, Денисов, Еременко, Гарфь, Клоков, Каскамов секілді түрлі бағыттағы партиялардың, әртүрлі ұйымдар мен ұжымдардың өкілдері болды.

Горин өзі куәгері болған 1916 жылғы көтеріліс оқиғалары жайында молынан дерек жинаған жандардың бірі. Ол өзі жинаған материалдарды 1925 жылы Торғайға айдауға келген Петербург ғылым академиясының мүшесі, профессор К.В. Харламповичке берген. Харламповичтің 1926 жылы Қызылордада шыққан «Восстание тургайских казак-киргизов, 1916-1917 г.г.» атты зерттеу еңбегі негізінен Горин мен Торғай уездік әкімшілігінде қызмет атқарған Байқадам Қаралдиннен алынған деректердің сорабымен

Бәйменов, Бейісов, Көшімбеков, Бүркітов, Төлегеновтермен бірге жергілікті атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Осы отырыстың нәтижесінде Н.Г.Горин денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған.

Торғай қаласына 1903 жылы келген дәрігер Николай Горин 1929 жылы Қостанай қаласына қоныс аударады. Жасы ұлғайғанына қарамастан Қостанайда жаңа ғана ашылып жатқан медициналық техникумда сабақ береді. Ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибесі Горинді жас дәрігер, жаңа кадрлар дайындаудағы негізгі ұстаздардың бірі қылды. Оның адам емдеудегі мол тәжірибесі мен адамгершілік қасиеті Николай Григорьевичті таптырмас мамандардың қатарына қосқан еді. Ол ұстаздықпен ғана айналыспай, өзіне жиі келетін ауру-сырқауларды емдеуін тоқтатпады. Қостанайдағы жүйке ауруларына арналған ауруханада дәрігерлік қызмет атқарды және сот істерінде медициналық сарапшы болды. Бұларға қосымша қоғамдық жұмыстардан да тыс қалмай, қалалық кеңес президиумының және облыстық атқару комитетінің пленумының мүшесі болып сайланды. Өмірінің

қатар болып өскен Горин патшалық Ресейдің ертеден бері келе жатқан іргелі оқу орындарының бірі Юрьев императорлық университетінде білім алады. Оқуын тәмамдаған соң жиырма алты жасында Торғай облысының Торғай уезіне келіп, өзінің қызмет жолын бастаған. Бұл шақта Торғай өңірінде жоғары білімді кәсіби медицина мамандары жоқтың қасы еді. Жиырма мыңға жуық халқы бар Торғай уезінде 13 болыс елге бар болғаны бірнеше дәрігер ғана қызмет көрсететін. Мәселен, 1899 жылы Торғай уезінде 6 медицина қызметкері ғана болған. Олар уездік дәрігер Петр Васильевич Добровольский, уездік фельдшер Бакин, Торғайдағы қалалық фельдшер Рагожников және уездегі медпункт фельдшерлері Воронин, Бусыгин, Аврамов. Уездегі болыстар екі телімге бөлініп, оларға екі учаскелік дәрігер қызмет көрсететін. Империяның түкпірінде шалғай жатқан Торғайға кәсіби мамандар келе бермейтін. Содан да болар учаскелік дәрігердің орыны көп жағдайда бос тұратын. Горин Торғайға 1903 жылы келіп, 1904 жыл-

горьевич Дьяконов еді. Әкімшілік бөлініс бойынша Дьяконов Тосын, Сарықопа, Майқарау, Шұбалаң, 1-ші Наурызым және 2-ші Наурызым болыстарына, Горин Қарақоға, Аққұм, Қараторғай, Көртоғай, Сарыторғай, Қайдауыл, Қызылжыңғыл болыстарына жауапты болды. Бірақ білікті мамандардың жоқтығынан бұлар аймақтағы барлық ауру-сырқауларды қарап, барлығын өздері емдеуге мәжбүр болды. Дәрігер қызметіне жаңа ғана кіріскен Гориннің ұзақ жылдар бойы осы салада келе жатқан Дьяконовтан тағылым алып, оның қазақ арасындағы адам емдеу тәжірибесінен көп үлгі алады. Дьяконовтің өзі 1892 жылы қызметке кірісіп, түрлі аймақтарда тәжірибе жинап, Торғайға 1901 жылы келген еді. Бірақ шетте жатқан аймақтар ұзақ тұрақтай алмай қайтадан қоныс аударады. Оның орнына 1-ші учаскелік дәрігер болып Николай Григорьевич Горин тағайындалды. 2-ші орынға маман табылмай, Горин ұзақ бір уездегі жалғыз дәрігер болды. Өз ісін сүйіспеншілікпен істеп, елдің арасында зор беделге ие болған дәрігер көп ұзамай Торғайдағы

қалалық кеңестің өзге де мүшелерімен (И.П. Денисов, Ф.П.Опарин, И.П. Кузьмин, С.К.Спасков, Т.П.Воронин) бірге Торғайдағы түрлі мәселелердің шешілуіне ат салысты. Өзінің өмірлік серігін де осы жерден тауып, Анна Иосифовна Соколавамен отау құрады. Анна Соколова Торғай уезінің 1-ші телімінің медпунктінің дегі фельдшер акушер болып қызмет атқарды. Горин осы жылдары учаскелік дәрігер ғана болып қоймай, Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан училищеде химия пәнінен сабақ та берген.

Николай Горин өзі қызмет атқарған жылдары ешкімді тегіне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарап бөлген емес. Атышулы маусым жарлығы кезінде Торғай қаласына комендант болып тағайындалған капитан Загайнов қаладағы барлық қазақтарды түрмеге қамап, қорлық көрсеткенде, оларға көмек қолын созған жалғыз ғана дәрігер Горин болды. Міржақып Дулатұлының 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде шыққан «Қара ешкіге жан қайғы, қаспашыға мал қайғы» атты мақаласында 1916 жылы Торғайдағы

тұрған өзінің жалғыз тайын сойып берген».

Жазушы Бақыт Имановтың «Құрбандардың қорымы» атты әңгімесінде де дәрігер Гориннің сол қиын-қыстау шақта ел арасына шығып, қарулы қақтығыс пен қанды шайқастан ауыр жараланған сарбаздарға көмек көрсеткені айтылады. Тегінде Горин дала төсін еркін жайлаған қазақтың бар жақсы мінезін бойына сіңіріп, олардың өз баласындай болып кетсе керек. Содан да болар 1916 жылы Торғай уезінің қазақтары Н. Шишков, В.Архипов секілді өзге ұлт өкілдеріне қарулы шабуыл жасағанымен, дәрігер Горинді қай жерде де құрметпен күтіп алып отырған. 1917 жылғы төңкерістен кейін Горин ел ішінде беделді азаматтардың бірі ретінде уақытша билікті қолдайтын және халықтың жіктелуіне тоқтау болар деген үміті бар екендігін білдіріп, жоғары билікке телеграмма жолдаған тұлғалардың қатарында болды. Уездегі тыныштық пен тәртіпті сақтауға ұмтылған бұл тұлғалардың қатарында Гориннен басқа Есжан Тілеуқабылов, Елдес Омаров, Ғабдол-ғали Балғымбаев, Ахметса-

жылыған Харлампович өз еңбегінде Қаралдинмен Горинге алғыс білдіре отырып, олардың өздері де 1916 жылғы көтеріліс жайлы жазып, жарыққа шығармақ болған талабын жеткізеді. Біздің білуімізше Байқадам өзінің «1916 жылғы Торғай қазақтарының көтерілісі» атты жазбасын «Торғайлық» деген лақап атпен Қостанай облыстық «Ауыл» газетінің 1926 жыл бірнеше санында жариялаған (№ 277, 278, 279). Гориннің бұл тақырыпта зерттеу не болмаса естелік жазған-жазбағаны бізге беймәлім күйінде қалып отыр. Дегенмен, оның профессор Харламповичке берген материалдары Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің тарихын зерттеу жолындағы маңызды дереккөздердің бірі болды деуімізге болады.

Өлкеге Кеңес үкіметі орнағаннан кейін дәрігер Горин уездік атқару комитетінде қызмет атқарды. 1920 жылы 14 маусымда өткен Торғай уездік атқару комитетінің отырысында бірыңғай ұйымдық мәселелер қарастырылған. Арнайы комиссия құрылып, оны Хайкс пен Әндіров басқарады. Н.Горин Жүсіпов, Қайдосов, Смағұлов, Қаралдин, Долгинцев,

соңғы жылдарына дейін Қостанай фельдшерлік мектебінде ұстаздық қылған Горин А.И.Базанов, О.А.Нарбеков, Ш.Г.Исмагилова, С.К.Ланге, Х.М.Мұхамеджанов, Х.З.Сайфи, А.К.Тененякиндермен бірге бұл оқу орнының дамуына зор үлес қосты. Адал оқытушылық жұмыс және жоғары көрсеткіштері үшін Горинге арнайы патефон да беріліп, сыйақыға ие болған. 1935 жылы дәрігердің қазақ даласындағы тынымсыз еңбегі, медицина саласына қосқан үлесі бағаланып «Қазақстанның 15 жылдығы» мерекелік белгісімен марапатталды.

Николай Григорьевич Горин 1938 жылдың 15 шілде күні Қостанай қаласында дүние салды. Дәрігер Горин өмірден өткен шағында тура алпыс жаста еді. Ол өз ғұмырының жартысынан астамын қазақ даласында өткізді. Торғай топырағына дәрігер маман болып келіп, қазақ халқының жанашыр жақынына айнала білген абзал азаматтың есімі ел ішінде құрметпен еске алынады.

**Батырлан
САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан
жазушылар
одағының
мүшесі**